



ҚАЗАҚ ТЕАТРЫНДАҒЫ ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫНЫҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

МРНТИ 18.45.45

Масалимова М.А.¹

¹ Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТЕАТРЫНДАҒЫ ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫНЫҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстандағы қуыршақ театрларының тарихына шолу жасалған, сонымен бірге бүгінгі репертуардағы қойылымдар талданған. Ақтөбе облысындағы «Алақай», Маңғыстау облысындағы және Алматы қаласындағы Мемлекеттік қуыршақ театрларын зерттеген автор шешілуге тиісті мәселелерді де назардан тыс қалдырмаған. Сонымен бірге аталған театрдың көрермендерінің ішінде қазақ балаларының аздығына, спектакльдерге қаржының аз бөлінетіндігіне, түрлі қуыршақтарды жасайтын арнайы мамандардың жоқтығына, қуыршақ театрларына арналған пьесалардың жазылмауы мен олардың сан жағынан аздығына тоқталады. Мақалада талдауға алынған қойылымдардың режиссерлік интерпретацияларына, актерлік трактовкаларына, репертуарлық саясатына баға бере отырып, өзінің кәсіби пікірін ортаға салған. Шет елдердегі жекеменшік қуыршақ театрларының ізденісін алға тартқан мақала авторы бүгінгі технология мен техниканың көмегі арқылы қызықты спектакльдер сахналауға мүмкіндіктің барына дәлелдер келтірген.

Трек сөздер: театр, пьеса, режиссура, интерпретация, марионетка, актерлік шеберлік, репертуар.

Кіріспе

Қай елде болмасын келешек ұрпақты адамдыққа, азаматтыққа тәрбиелеу оның бала жасынан басталатыны белгілі. Бала-бақшалар мен мектептердің оқу үрдісіндегі рухани тазалыққа бағыттайтын арнайы бағдарламалар осының бір айғағы. Жалпы ұрпақ тәрбиесі мәселесінде, болашақта елдің,

қоғамның тұтқасын ұстайтын олардың ары мен санасын, ішкі мәдениеті мен рухани бай болмысын қалыптастыруда, отансүйгіштік сезімін арттыруда қуыршақ және балалар театрларының алар орны ерекше. Осыған орай еліміздегі балалар театрларының бүгінгі ахуалы, репертуары, сахнаға қойылып жатқан шығармалардың көркемдік деңгейі

жөнінде сауал туындайтыны анық.

Еліміздің Астана, Алматы, Шымкент, Жезқазған, Петропавл, Қарағанды, Ақтөбе, Ақтау, т.б. қалаларында өзіндік ізденістерімен, өзгеше бағыттарымен өнер көрсетін қуыршақ театрлары бар. Бірақ олардың деңгейі, репертуарлық саясаты бірдей деп айта алмаймыз. Бұлардың ішінде қойылымдарын көбінде Ресейден режиссер-мамандарды шақыру арқылы сахналайтын Ақтөбедегі «Алақай» қуыршақ театрын ерекше айта аламыз. Шығармашылық ізденісі, актерлік ансамблі және көркемдік таным-түсінігі жағынан бұл ұжым өзге өнер ордаларынан әлдеқайда алда тұр.

Бұл театрдың сахнасына ресейлік режиссер Сергей Балыков «Сырттандар» деп аталатын қазақ ертегісі бойынша «Отпусти поводья и лети» қойылымын жарыққа шығарды. Мұнда қазақтың өте ерте кезеңдегі шамандық рәсімдерін қайта тірілте отырып, ол балалар санасының ұлттық тәрбиеге негізделу қажеттілігіне баса назар аударған. Отқа, Тәңірге, Жаратылыстың тылсым күшіне табынуды суреттейтін спектакльде С.Балыков қуыршақтарға жан бітіреді.

Үштіктің, яғни адамның, қасқыр мен иттің сырттандары арасындағы тартыс адамзатқа тән игі қасиеттерді меңзейді. Мұнда азулы аңдармен қақтығысқа түскен жігіттің бейнесі арқылы адам өз бойындағы үрей мен қорқынышты жеңу керек деген ой айтылған. Сонда ғана бұл жалған тірліктегі барлық азап пен қиындықтан арылуға болады екен.

Әдістер

Қызу тартыс пен шытырман оқиғаға, нанымды әрекетке құрылған ертегінің философиясы тереңде жатыр. Жер бетінің саналы иесі Адамға Жаратушы ие берген ерекше қасиет – оның өз бойындағы қуатты күштің салмағын

түйсінуді, сол арқылы өзінің жаулары мен дұшпандарына немесе сырттан келер қарсы күштерге төтеп бере алатындығын көрсетуі болып табылады. Шығарманың «Сырттандар» деген тақырыбына сай түз тағысы мен адамның досы саналатын иттің арасында өрбитін қақтығыстан тіршілікте кездесіп жататын кедергілер мен тосқауылдардың үнемі, үздіксіз болатынын байқаймыз.

Ал, актерлік ансамбль шынайы ойындарымен көпшіліктің есінде қалды. Соның ішінде шежіреші қарттың роліндегі актер Е.Ермағанбетовтың өзіндік ойыны ерекше деп айтуға лайықты. Тарихты шежіре ретінде жырлау дәстүрі – қазақ халқында ертеден-ақ қалыптасқан салттың бірі. Мұның әрине бүгінгі ұрпақ үшін маңызы зор. Себебі, қазіргі буын жасөспірім өткенді тарих, шежіре арқылы біледі. Актердің де өз кейіпкеріне осы тұрғыдан келгендігі байқалады. Сонымен бірге роль орындаушылардың шалт қимылы, берер секундтың ішінде киімдерін жылдам өзгертіп, басқа образға тез енуі көрерменді таң қалдырады.

Қойылымның ұлттық бояуын актерлер мен қуыршақтардың киімдері, сахнаның безендірілуін (суретші Ә.Құрманалина): киіз үйдің шаңырағы, үзік, басқұр әрлеп, қазақтың ұлттық аспаптары: домбыра, үрмелі аспаптардың үні қоюлатып, әсерлі де әдемі қойылым түзіпті.

Елімізде екінші болып, яғни 1981 жылы іргетасын қалаған (1988 жылы қазақ труппасы құрылған) Маңғыстау облыстық қуыршақ театры да – қазіргі уақытта жергілікті тұрғындардың, оның ішінде мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалармен жұмыс жасап жатқан бірегей ұжым. Жас жеткіншектерге рухани байлықты насихаттау, оларды жан тазалығына, адамгершілікке баулу театрдың

басты миссиясына айналған. Сол негізде репертуарға түрлі жанрдағы «Аленушка мен солдат» мультфильмі, Е.Қауынбаевтың «Алдар көсе хикаясы», ұлттық дәстүрді дәріптейтін «Шашу», Н.Оразалиннің «Аққұс туралы аңыз», М.Бартедьевтің «Сәлеметсіз бе!», Ә.Табылдиевтің «Бітпес оқиға», Б.Пармановтың «Қадырдың бақыты», Н.Майбоның «Қайта жаңғырған аңыз», В.Орловтың «Алтын балапан», т.б. қойылымдар түзген.

Театрда актерлер сырттан келген және еліміздегі белгілі режиссерлермен жұмыс жасауға мүмкіндік алған. Мысалы, С.Мақұлбеков, Н.Майбо, Б.Парманов, А.Веселов, В.Дерягин, П.Потороко, Ю.Набоков, т.б. Бұл түрлі қолтаңбамен, түрлі режиссерлік шешімдермен, қилы тұжырымдармен сахналанған қойылымдарда өнер көрсетудің, ізденудің негізгі жолдары болмақ. Бүгінгі қазақ театрларында белең алған бір ұжымның бір ғана режиссермен жұмыс жасау тәсілінің көп жағдайда шындалған ізденіске апармайтындығын тәжірибе көрсетіп отыр. Ал, Маңғыстау қуыршақ театрының қолға алған әдісі қуантарлық-ақ жағдай. Сонымен қатар бұл әдістің жас көрерменнің эстетикалық талғамын арттыруға септігі мол.

Нәтижелер

«Театр қазіргі таңда халықаралық аренаға шықты. Кеңес Одағы тараған соң үзіліп қалған байланыстар қайта жаңғыртылды. Өз қазанында өзі қайнамай, басқа театрлармен әріптестік байланыстар орнатып, өзара тәжірибе алмасуды дәстүрге айналдырды. Мұның ішінде Украина, Ресей, Чуваш театрларымен арадағы достық байланысты ерекше атаған жөн» [1, 71 б.], – деп жазады баспасөзде

маңғыстаулық қуыршақ театрының бүгінгі тынысы туралы. Мұны бүгінгі жаһандық мәдениеттің талабы мен сұранысынан туындаған алғы жылжудың бір бағыты дейміз.

Ал, 1983 жылы шымылдығын ашқан Оңтүстік Қазақстан облыстық қуыршақ театрының репертуарында С.Оспановтың «Мұңлық – Зарлық», Н.Гернеттің «Аладдиннің сиқырлы шамы», Б.Метальниковтың «Ұйқыдағы ару», тәуелсіздік жылдарында М.Байғұттың аудармасындағы М.Садовскийдің «Маша мен аю», «Би-би роботтың басынан кешкендері», М.Байғұттың «Достық мектебі», У.Шойбековтың «Арыстан патша», М.Ахмановтың «Алдар көсенің айласы», М.Шуринованың «Орман қожайыны», Г.Ландаудың «Қоян, түлкі және әтеш», т.б. балаларға арналған қойылымдар бар.

Негізінен Қазақстанның қуыршақ театрлары бір кейіпкермен, яғни бір ғана қуыршақпен шектеліп қалмаған. Оларда бейнелердің көптеген түрлері бар: түрлі-түсті матадан жасалған адамдар, аңдар, үй жануарлары мен жыртқыштар, марионеткалар және саусақты ойнату арқылы көрсетілетін образдар – бұлардың барлығы қуыршақ театрларының спецификасына тән қойылым қоюдың алғышарттарының бірі. Шығыстың аңғал атасы Қожанасыр, қазақтың аңыз кейіпкері, кедейлер мен зәбір көргендердің досы саналатын Алдар көсе, торайлар, қасқырлар, сыған қызы, шығыс биін билейтін қыздар, өзбектің «Ялла» ансамблінің солисі Фаррух Закиров, жалмауыз кемпірлер, лақтар мен қозылар, т.б. жасау техникасының өзі қызықты әрі күрделі және оларды ойнату үшін өте ептілік, жылдамдық қажет.

Осындай кейіпкерлерге бай Мемлекеттік қуыршақ театрының

репертуарында қазақтың «Қаңбақ шал» ертегісі, Н.Оразалиннің «Тарқамайды тойымыз», әрбір өскелең буынның сүйікті шығармасына айналған С.Михалковтың «Үш торай», Н.Фришердің «Кішкентай құтан мен қарақшы», орыс халық ертегісі «Морозко», т.б. көптеген шығармалар бар. Бұлардың барлығы түрлі оқиғалар арқылы балаларды адалдыққа, мейірімділікке, патриотизмге баулиды.

Талқылау

Негізінен Қазақстандағы ең алғашқы қуыршақ театры – осы Мемлекеттік қуыршақ театры. Бұл театрдың тарихы 1935 жылдан бастау алады. Сол уақыттан бастап балалардың рухани әлемін байыту және арттыру, оларды тәрбиелеу жұмыстарын болашақ қоғамның тұтқалары негізінде жүргізу қолға алынған болатын. Сол негізде елімізде қуыршақ және балалар театрлары бой көтере бастады. Мұндай игі істің көшбасында алғашқы режиссерлер Ю.Рутковский, П.Пашков, А.Михайлов, тұңғыш актерлер Б.Слонов, Б.Парманов, С.Шүкіров, Ш.Қадыров, Т.Майская, С.Қабиғожина, т.б. тұрды. Олар репертуарға салмақпен қарап, бала психологиясына кері әсері жоқ, керісінше тазалықты, адамгершілікті, гуманизмді насихаттайтын дүниелерге баса назар аударды.

Бастапқы кездері қарапайым таяқ қуыршақ пайдаланған актерлер бірте-бірте түрлі бейнедегі кейіпкерлерді, марионеткаларды қолданысқа енгізді. Мұндай ізденіс театрдың түрлі жанрда ойын көрсетуіне мүмкіндік туғызды.

Қазіргі күні кәсіби дамудың биік белесін бағындырған театрдың репертуарындағы «Үш торайдың» айтар ойы баланың болашағы үшін маңызды. Мұндағы қызықты әрі бір жағынан қорқынышты оқиғалар желісіндегі

тартыс ақылды, еңбекқор Наф-Наф, оның жалқау, ойсыз, ойынқұмар бауырлары Нуф-Нуф пен Ниф-Ниф және мейірімсіз қасқыр арасында өрбиді. Тез бұзылатын заттардан үй салған соңғы екеуі үйі кірпіштен мықтап салынған Наф-Нафтың ақылын өздеріне қасқыр шабуыл жасағанда ғана түсінеді. Соңы татулықпен, түсіністікпен аяқталатын қойылым бас-аяғы жинақы, идеясы айқын, әрі балаларды өзіне баурап аларлық деңгейде сахналанған.

Ал, «Морозко» спектаклінің оқиғасы бізге кітаптан да, мультипликациялық фильмнен де, сондай-ақ, көркем фильмнен де таныс «Күл қыз, күң қыздың» («Золушка») сюжетімен сарындас. Өгей шешенің еңбекқор, адал жетім қыздан өзінің жалқау қызын биік қоятын әділетсіздігі шытырман көріністер құрайды. Спектакльде зұлым кемпір асыранды қызды қастандықпен орманға жұмсайды. Бұл жерде оған Аяз ата кездесіп, үлкен кісінің айтқанын мүлтіксіз орындаған қызға сиқырлы ата қымбат киімдер мен көптеген сыйлықтар беріп, үйіне қайтарады. Сөйтіп, мейірімділікті, адалдықты насихаттаған бұл қойылым да әдемі аяқталады.

Аталмыш театр осындай қызықты қойылымдарымен әр жылдарда Ресей, Қытай, Түркия, Жапония, Чехословакия, т.б. тәрізді алыс-жақын шет елдерге барып, арнайы жүлделерді иеленуден кенде емес. Актерлік ойындарда да алға жылжу бар, өзіндік ізденістерімен көзге түсіп жүрген роль орындаушылар жетерлік. Мысалы: Серік Мақұлбеков, Татьяна Майорова, Фаридат Атакеева, Иван Остапенко, Михаил Селеверстов, Толқынай Өмірзақова, Нұржан Рүстембеков, Еркебұлан Құттыбаев, Ақбөпе Төлтаева, Азамат Алмаханбетов, Ержан Бегашев, т.б. Олардың бүгінге дейінгі және қазіргі уақыттағы атқарып

жатқан еңбектері орасан зор. Себебі, жансыз кейіпкерге жан бітіретін олар драма артистеріне қарағанда көп ізденеді, көп күш жұмсайды. Кейбір спектакльдерде бірнеше кейіпкерді бір немесе екі актердің ғана роль орындауы мүмкін. Бұл әрине өте қиын, бірақ бұл олардың шеберлігін байқатады. Десек те, шешімі уақыт күттірмейтін, қордаланған мәселелер жоқ деп те айта алмаймыз.

Қазақстанда қуыршақ қойылымдарын қоятын режиссерлер Бекболат Парманов, Құралай Ешмұратова, Тастан Өтебаев. Көріп отырғанымыздай, режиссерлердің саны өте аз, тіпті жоқтың қасы деп айтуға болады. Сондықтан ұжымдар шет елдерден, Ресейден кәсіби мамандар шақырып, спектакль қоюға мәжбүр. Бұл елімізде қуыршақ режиссерлерін оқытатын оқу орнының жоқтығына байланысты болып отыр. Алдағы уақытта Астанадағы өнер университеті мен Алматыдағы өнер академиясы осы мәселені қолға алуы керек деген ойдамыз.

Репертуар мен көрерменнің аздығы да айтарлықтай проблемаға айналып отыр. Балалар драматургиясының тәуелсіздік жылдары кемшін қалып жатқанын осы уақытта тек С.Балғабаевтың «Жамбала, Мико және қасқыр», К.Оразбекұлының «Иол – мәңгілік ағашы» (балаларға арналған шығармаларының жинағы) ертегілерінің жазылуынан байқау қиын емес. Көріп отырғанымыздай, жаңа шығармалар саусақпен санарлықтай ғана.

Қазіргі уақытта балалар драматургиясының, яғни қуыршақ театрлары сахналайтын шығармаларды зерттеудің де, ондағы идеялық айқындықты танудың да кемшін қалып жатқандығы осындай мәселелерге байланысты деп ойлаймыз. Кеңестік

дәуірдегі және қазіргі кезеңдегі балаларға арналған шығармалардың жазуылу тарихы, жолдары, сахналану деңгейі жөніндегі тұжырымдар мен ой-пікірлерді Б.Ысқақов [2], С.Ордалиев [3], А.Ақтанова [4], т.б. еңбектерінен кездестіреміз.

Қуыршақ театрлары жөнінде өзінің кәсіби пікірін үнемі білдіріп отыратын театр сыншысы Мәншүк Тәшімова: «... Театр репертуарында қазақ баласының бойына ұлттық болмыс пен қазақы мінезді қалыптастыратын, намысты, жігерлі, мейірімді болып шыншылдыққа тәрбиелейтін қойылымдар болуы өте керек» [5, 26 б.], – деп жазады. Сыншы мақаласында Алматының төрінде орналасқан Мемлекеттік қуыршақ театрының белсенді көрермені дерлік орыс ұлты екендігін, қазақ ата-аналардың балаларын театрға апаруы өте сирек екендігін алға тартқан. Бұл – ащы да болса шындық. Балаларға арналған қойылымдарды талдау арқылы жеткіншектің ой-санасын дамытып, болашақ өмірге сауатты да салауатты қадам жасауға бағыттауға қазақ ұлтының өкінішке орай немқұрайды қарайтынын нақты дәлелдермен келтіреді мақала авторы.

Жалпы қойылымдарға қаржының аз бөлінуі, осы бағытта арнайы түрде білім алған мамандардың тапшылығы, түрлі бейнедегі қуыршақтарды жасайтын техник-мамандардың жоқтығы, репертуарда бала психологиясына оң әсерін беретін көркем шығармалардың өз тілімізде мүлдем жазылмауы, т.с.с. Мемлекеттік қуыршақ театрының адамын бастырмай тұрғандығы жасырын емес.

Кей кездері еліміздегі үлкен қалаларда өтетін фестивальге Еуропа, Батыс, Азия елдерінен келген қойылымдарды орыс, ағылшын

тілдерінде синхронды аударудың жолға қойылмауы, сауатты аударатын мамандардың жоқтығы немесе мұндай істерге мән берілмеуі де біздің Мемлекеттік қуыршақ театрында үлкен мәселе болып отырғандығы қынжылтады.

Қорытынды

Негізінен шет елдердегі қуыршақ театрларының көпшілігі дерлік жеке меншік театрлар болып саналады. Олар әрине ақша табу үшін репертуарлық саясатқа өте мұқият қарайды, көп ізденеді, бір жағынан – бала психологиясына жеңіл әсер ететін, екіншіден – оларды баурап алатын дүниелерге мән береді. Сондықтан да мұндай ұжымдар репертуарлық жағдайы жағынан да, қаржылық тұрғысынан да алда болады. Жеке меншік болғандықтан бұлар көшеде, базарларда, саябақтарда өнер көрсете береді. Бұл әрине қызықты, әрі халық көп жиналған жерлерде қаражат табу да қиынға түспейтіні белгілі. Оның үстіне материалдық жағдайдан гөрі рухани құндылықты бірінші қоятын өзге елдерде мұндай қойылымдарға көрермен үнемі қызығушылық танытып отырады.

Қорыта айтқанда, заман, қоғам, ондағы өмір сүру үрдісінің кейбір бағыттары өзгерген сайын бала тәрбиесінің әдістері де өзгеріп отыратыны белгілі. Ендеше бүгінгі уақыт талабына лайықты, қазіргі көрерменнің сұранысына сай жаңа, тың тақырыптар өте қажет. Өзінің ғылыми зерттеуінде балалар әдебиетін жік-жікке бөліп қарастырған Айман Ақтанова осындай мәселер жөнінде: «...Дегенмен, балалар әдебиетінде, оның ішінде балалар драматургиясында әлі де болса қазіргі заманның шынайы кейіпкерінің болмауы жоғарыда айтып өткен дәстүрдің әсері

демекпіз. Балалар жазушыларының қазіргі заман балаларының талап-тілегін орындайтын, олардың көңілінен шығып, көкейіне қонатын туынды бере алмауы, ең алдымен балалар өмірін, олардың тыныс-тіршілігін білмеуінен шығады. Жазушының алдындағы одан кейінгі бөгет – қоғамдағы әр түрлі қайшылықтардың философиялық тұрғыдан ашылмауы, балалар әдебиеті теориясының жасалмауы, әдеби сынның өз деңгейінде дамымауы еді. Кез келген балаларға арналған шығарманы оқып отырған жеткіншек, балдырған одан өз ұлтына тән қасиеттерді ала отыруы керек» [4, 173-174 б.б.], – деп жазады. Расында, жас бүлдіршіндерге түсінікті, қабылдауына жеңіл, қызықты оқиғаға құрылған шығармалар ауадай қажет.

Қазіргі уақытта адам психологиясы, өмір сүру дағдысы жаңа ХХІ ғасырға негізделіп келе жатқандығы рас. Оның үстіне техника мен технология қарқынды даму үстінде. Осы салада жаңалықтар көп-ақ. Бұдан шығатын қорытынды, осындай технология арқылы өзіміз өмір сүріп отырған ортаның тіршілігін қисынды, әдемі суреттейтін балаларға арналған туындылардың қажеттігі – кезек күттірмейтін мәселе.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Құдайберген С. Кішкентайлардың үлкен театры // Театр.kz. – 2011. – № 9. – 67 б.
- 2 Ысқақов Б. Кішкене театр. – Алматы: Мектеп, 1959. – 119 б.
- 3 Ордалиев С. Қазақ совет драматургиясының очеркі. – Алматы: Жазушы, 1964. – 276 б.
- 4 Ақтанова А. Балалар әдебиеті. Қазақ балалар драматургиясы мәселелері. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2011. – 200 б.
- 5 Тәшімова М. Орыс көрермендері толық, қазақ көрермендері қайда? // Мәдениет. – 2010. – № 1. – Б. 23.

Масалимова М.А.

Казакская национальная академия искусств имени Т.К. Жургенова

МЕСТО И РОЛЬ ТЕАТРА КУКОЛ В КАЗАХСКОМ ТЕАТРЕ

Аннотация

Эта статья представляет собой обзор истории кукольных театров в Казахстане, а также анализирует сегодняшний репертуар. Автор исследовала опыты театров «Алакай» Актюбинской области, Государственных кукольных театров в городе Алматы и Мангистауской области и не оставила без внимания решаемые проблемы. В то же время указывается малое количество казахских детей в аудитории театра, спектакли, которые получают минимальное финансирование, недостаточность специалистов, пьес для данного вида театра.

Режиссерская интерпретация, трактовка актеров, политика репертуара анализировалась в статье, где автор делится профессиональным мнением. Автор ставит в пример частные зарубежные кукольные театры и представляет доказательства того, как с помощью современных технологий и технической помощи можно ставить интересные спектакли.

Ключевые слова: театр, спектакли, кино, интерпретация, кукольный, актерское мастерство.

M.A.Massalimova

*T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts
(Almaty, Kazakhstan)*

THE PLACE AND ROLE OF PUPPET THEATER IN THE KAZAKH THEATRE

Abstract

In this article, the history of puppet theatres in Kazakhstan is discussed as well as the repertoire of today's puppet theatre. The author researched the experience of "Alakai" theatre in Aktobe region and State puppet theatres in Almaty and Mangystau region. In addition, the lack of Kazakh kids audience, financing, specialists and plays for such theaters are revised.

Director's interpretation, actors work, politics of the repertoire is analyzed in the article where the author shares her professional opinion. The author puts the foreign puppet theatres as an example and proves with detailed examples that with the help of modern technology and technical support many interesting plays can be adapted for stage.

Key words: atre, plays, film, interpretation, puppet, acting technique.

Автор туралы мәлімет: Масалимова Минура Ахмажановна – "Театр өнері" факультеті «Актер шеберлігі және режиссура» кафедрасының доценті, Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы. Алматы, Қазақстан.

e-mail: minura_m.a.62@mail.ru

Сведения об авторе: Масалимова Минура Ахмажановна - Доцент кафедры «Актерское мастерство и режиссура» факультета «Театральное искусство», Казахская национальная академия искусств им. Т. К. Жургенова. Алматы, Казахстан.
e-mail: minura_m.a.62@mail.ru

Author's data: Associate Professor of the Department of “Acting and directing”, faculty “Theatrical art”, T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts. Almaty, Kazakhstan.
e-mail: minura_m.a.62@mail.ru